

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Ақтөбе облысы бойынша

Абубакирова Арай Кенжеғалиевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Алдаберген Салтанат Ғазезқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Алпысбаева Рысқұл Тулесиновна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Ахметова Ақгүл Сагитовна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Бахтығалиева Айна Коптилеуовна — орта мектептің мейіргері, Алға ауданы.

Бац Ольга Павловна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Берғалиева Майгүл Жомартовна — «Ойыл кәсіптік колледж» МКҚК мұғалімі.

Дәрібаева Перизат Бекболатқызы — орта мектептің мұғалімі, Алға ауданы.

Джанабаева Алтынай Торебековна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Ескарина Бекзат Жалғасбекқызы — орта мектептің мұғалімі, Ырғыз ауданы.

Жаксыбаева Раушан Бабашевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Жалиева Бейбит Сериковна — орта мектептің мұғалімі, Мұғалжар ауданы.

Жиганбаева Жайдары Қонірбаевна — үй шаруасында, Байғанин ауданы.

Жолгуттина Сәбила Қожабергенқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жубаниязова Мүлдір Маликовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Иманбаева Индира Азилхановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Исимова Гүлжанат Болатовна — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Исмагулова Ақгүл Мейрिमхановна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Кемалова Ақгүл Фазилбековна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Кемединова Асия Измухановна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Кеулимижаева Бақытгүл Исатаевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Койбағарова Бибитгүл Жантүмаевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Қурманова Гүлдіана Маликовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Қошханова Гүлфайруз Ұзақбайқызы — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Қылышбаева Рауан Бақытғалиқызы — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Муканова Жұлдыз Қуатовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Орынғалиева Гүлхан Ершатқызы — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Өмірбекқызы Мейрамгүл — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Пернеш Гүлсім Бейбітқызы — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Сағраева Айнагүл Жанбулатовна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Саменова Ақтолқын Жолдыбаевна — орта мектептің мұғалімі, Ойыл ауданы.

Серікбаева Майсара Тлеумуратовна — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Серкештаева Асылзат Аязбаевна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Суйнова Перуза Жакыпбаевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Тисенбаева Нургуль Ерлановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Түребекова Гүлжанат Ерболовна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Утебаева Санеш Турдымуратовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Үдербаева Айгүл Бақытжанқызы — бөбекжай тәрбиешісінің көмекшісі, Ырғыз ауданы.

Шүлтікова Лида Асылбекқызы — бөбекжай тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Ақтөбе облысы бойынша

Абдираманова Гүлзамира Қалмурзаевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Абилова Гүлбану Кабылжановна — орта мектептің мұғалімі, Мәртөк ауданы.

Абишева Айнагүл Нұрлыбековна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ажибаева Гүлсезім Бекболатовна — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Аймбетова Даригүл Бүриевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Алдабергенова Гүлдария Галимжановна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Алмағамбетова Жанат Ерболқызы — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Алмағамбетова Гүлмира Жумабергеновна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Амандық Алмагүл Амандыққызы — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Аманжолова Бану Талғатовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Андызбаева Салтанат Амангелдықызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Арзымбетова Жумагүл Каниязовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ахметова Жанар Қуанышевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Әбитова Гаухар Жаңағбайқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Байдуашева Лаура Бисембіқызы — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Байшуакова Жаннұр Құдабаевна — орта мектептің мұғалімі, Байғанин ауданы.

Балқыбаева Ақнұр Қуандыковна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Балуанова Күндіз Жаңдаулетовна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Барсаева Тұрсынгул Жумекеновна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Башалова Назира Еділбаевна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Бекетаева Жания Қалменовна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Бектенғалиева Гүлшат Аскаровна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Бисенбаева Бақытгүл Косамановна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Битімбаева Назгүл Гарифулловна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Гайнутдинова Елена Федоровна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Дагис Зейнеп — үй шаруасында, Қобда ауданы.

Даулбаева Айнагүл Абаевна — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Досжанова Гүлнұр Сәнімкерейқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Енсенова Динара Айдаровна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ермағамбетова Айгүл Маратовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ермаханова Гүлдіана Узақовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ермаханова Тұрсынгул Кенесовна — орта мектептің аспазы, Өйтеке би ауданы.

Ермекбаева Айдана Қайратовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Ермекбаева Нургуль Владимировна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Есенияз Гүлфира Даниярқызы — үй шаруасында, Темір ауданы.

Есімова Гүлжанар Оразбайқызы — үй шаруасында, Байғанин ауданы.

Ешимова Ляззат Қоныспаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жақенова Гаухар Заировна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Жакумова Бахытгүл Райлымовна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Жанабергенова Жанат Маликовна — үй шаруасында, Өйтеке би ауданы.

Жанбекеева Алмагүл Избасовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Жанбуршина Индира Бауыржановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жолдыбаева Мадина Мырзахановна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Жолдыбаева Қарлығаш Сейтжановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жубаназарова Орынқұл Асановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жумағалиева Эльмира Владимировна — үй шаруасында, Мәртөк ауданы.

Жумалина Жұлдыз Нұрбергеновна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Зарубек Шаттық Асылхановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Зейнуллина Гульжайна Динашкановна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Ибраева Зухра Махатовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Ибрашева Ақмарал Маулетжановна — орта мектептің зертханашысы, Ырғыз ауданы.

Иғалиева Алмагүл Халеловна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Имантаева Нұргүл Танатарқызы — «Ырғыз гимназиясы» КММ мұғалімі, Ырғыз ауданы.

Қазалбаева Молдир Амантаевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Қазыбаева Динара Даденовна — бөбекжай тәрбиешісі, Ойыл ауданы.

Қайлбергенова Бибиғүл Джамбуловна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Қайтаева Ару Мақсұтқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Қасимова Акбота Сырлыбековна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Қалмағамбетова Жұлдыз Рзабайқызы — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Қальнязова Динара Манеровна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Каналина Ақмарал Мұхитовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

(Басы. Соңы 2-бетте).

Ұшақ апамы

АҚТАУҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖҮК ЖІБЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиевке Маңғыстау облысында Әзірбайжанның әуе жолдары ұшағы апатқа ұшырап, экипаж мүшелері мен жолаушылардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді. «Орны толмас ауыр қайғыға ортақтаса отырып, сізге, қаза тапқан азаматтардың туған-туыстарына және барша Әзірбайжан халқына көңіл айтамын. Менің тапсырмаммен Қазақстан Үкіметі мемлекеттік комиссия құрды. Комиссия құтқару операциясы аясында тиісті шаралар қабылдап, Әзірбайжан тарапына қажетті көмек көрсетеді», — делінген жеделхатта.



Еске сала кетсек, 25 желтоқсанда Баку-Грозный J2-8243 нөмірлі рейсін орындаған Embraer 190 ұшағы Ақтау қаласынан 3 шақырым жерде апатты жағдайда қонды. Оқиға орнына Төтенше жағдайлар

министрлігі жеке құрамының 52 адамы мен 11 бірлік техникасы барды. Келік министрлігі мәлім еткендей, Әзірбайжан тарапының алдын ала ақпараты бойынша, бортта 62 жолаушы мен 5 экипаж мүшесі

болған. Оның алтауы — Қазақстан азаматы. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, апаттан 29 адам аман қалды. Оның екеуі — бала. Олар Ақтаудағы ауруханаға жатқызылды.

Оқиға салдарын жоюға Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктерінен, Ұлттық ұланнан, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінен, Апаттар медицинасы орталығынан, жедел медициналық көмек бригадасынан және жергілікті атқарушы органдардан 492 адам, 102 бірлік техника, 2 әуе кемесі және 10 кинолопиялық есептоп, оның ішінде Астана қаласынан барған санитарлық борт жұмылдырылды.

Ұшақ апатынан зардап шеккендерге Ақтауға көмек ретінде Ақтөбедегі медициналық жүк жіберілді. Альбумин, адреналин және ауырсынуды басатын дәрілер апатқа ұшыраған жолаушылар ұшағынан зардап шеккендерді емдеу үшін қолданылады.

Керші аймақтағы әріптестердің сұрауы бойынша Ақтөбеде 3 медициналық дәрі-дәрмектен 150 флакон автокөлікпен жіберілді. Бұл дәрілер Ақтаудың медициналық мекемелеріне жеткізіледі. Медициналық препараттарды тасымалдау және сақтау ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Дәрілік заттардың термостабилділігіне байланысты авиатасымалдау арқылы жеткізу мүмкін емес.

Өз тілшіміз.

АҚТӨБЕЛІКТЕР КӨМЕГІ

Өңір тұрғындары Ақтауда болған әуе апатынан зардап шеккендерге көмек ретінде қан тапсыруға жиналды. Ақтөбе облыстық қан орталығында кезекте тұрғандар көп. Арасында студенттер, ұстаздар, ассамблея және этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қала тұрғындары бар.

Облыстық қан орталығының директоры Алтай Оразбағамбетовтың айтуынша, қан тапсыруға ниет білдіруші қала тұрғындарының белсенділігі жоғары. Сондықтан орталық шұғыл түрде қан сақтауға арналған арнайы контейнерлерді алдыртқан.

— Биыл жыл басынан бері облыста 10 мыңға жуық донор қан тапсырды. Олардың көмегі арқылы дәрігерлер мыңдаған науқастың өмірін сақтап қалды. Бүгін 100-ден аса қала тұрғыны ерікті түрде қан тапсырды. Донорлар алдымен медициналық сауалнама толтырды. Соның қорытындысы бойынша ғана қан тапсыруға рұқсат алды. Жалпы Денсаулық сақтау министрлігі тапсырмасына сәйкес барлық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ақтаудағы әріптестердің сұрауы бойынша қажетті дәрі-дәрмектер, медициналық заттар тасымалданып жатыр. Бүгін тапсырған қанды залалсыздандырылған контейнерлерге мұздатқан күйде ұшақпен жеткізу жоспарланды.

Жалпы донорлардың тапсырған қаны 4-5 айға дейін жарамды. Ол қан сақта-



у орындарында сақталып, науқастарға құйылар кезде тағы бір тексерістен өтеді, — деді А.Оразбағамбетов. Облыстық қан орталығының мамандары тапсырылған қан көлемі мен оның мінсіз сапасына баса назар аударады. Бұл акцияға әзірбайжан, татар, сыған этномәдени бірлестігінің өкілдері де қатысты.

— Әуе апатынан зардап шеккен Әзірбайжан еліне көңіл білдіреміз. Қолымыздан келген барлық көмекті беруге тырысамыз. Қан тапсыру орталығына әр түрлі ұлт өкілдерінің этномәдени бірлестіктері де атсалысып жатыр. Қиын сәтте қолдау көрсетіп жатқан барша қазақстандықтарға алғыстан басқа ай-

тарым жоқ, — деді облыстық Әзірбайжан диаспорасы төрағасының орынбасары Видади Фарзалиев.

Сауапты іске үн қосқан жүз донордың арасында қала тұрғындары да бар.

— Бұл менің алғаш рет қан тапсырым емес. Жарты жылда бір рет қан орталығына келу өмір салтыма айналды. Қиын сәтте қанға мұқтаж адамдарға көмек көрсеткенім дұрыс деп ойлаймын. Ең бастысы, донор өз денсаулығын тексертіп, қан тапсыру арқылы өзге жанның өмірін сақтап қалады, — дейді қала тұрғыны Алтынбек Басенов.

А.НАҒАШЫБАЙҚЫЗЫ.

Денсаулық

ЕКІ АУЫЛДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ АШЫЛДЫ



«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының аясында Алға ауданының екі ауылында медициналық пункт ашылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының шеңберінде ауылдарда 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу, реконструкциялау, қосымша жарақтандыру жоспарланған. Осы арқылы еліміз бойынша 700 мыңнан астам ауыл тұрғынын сапалы медициналық көмекпен қамту көзделген.

Алға ауданындағы Қарабұлақ ауылында ашылған медициналық пунктте 340 тұрғынға қызмет көрсетілімек. Заманауи ғимаратта орналасқан емдеу нысаны күніне 25 адамды қабылдауға шақталған. Мұнда қабылдау бөлімі, ем қабылдау, егу, сүзгі



және терапия бөлмелері жұмыс істейді.

«Мен зейнеткерлікке шыққанға дейін осы ауылда медбике болып жұмыс істедім. Қазір жасым — 70-те. Ауылда жаңа медициналық пункттің ашылғанына қатты қуандым. Қарабұлақта егде жастағы тұрғындар көп. Денсаулығымызға күтім де керек. Мен өз тәжірибеммен бөлісіп, жас мамандарға ақыл-кеңес беруге әзірмін», — дейді ауыл тұрғыны Дарига Әметова.

Ал Тоқмансай ауылында 300 тұрғын бар. Мұнда да жаңа ашылған медициналық мекеме күніне 25 келушіні қабылдай алады.

Екі ауыл халқы үшін де медициналық пункттің ашылуы көптен күткен қуаныш болды.

Өз тілшіміз.